



КОНКУРС «Астана и Президент»

**Рақымжанова Еркежан,
№ 53 мектеп-лицейінің 9 сынып оқушысы**

Асқақ ойымның айдары Астана - Айбары Президент

Еліңнің ұлы болсаң, Еліңе жаның ашыса,
азаматтық намысың болса,
қазақтың ұлттық
жалғыз мемлекетінің
нығайып, көркеюі жолында
жан теріңді сығып жүріп еңбек ет.
Жердің де, елдің де иесі өзін
екенінді ұмытпа!
Н.Ә. Назарбаев

Кез келген ұлтты қалыптастыратын орта – оның ұлттық мектебі. Сондықтан қазақ мектебінің тағдыры ел тағдыры. Ұлтымыздың болашағын ойлаған алаштың ардақтылары мұны әрқашан ескертіп отырған. Өткен ғасырдың басында Міржақып Дулатов «Оян, қазақ», - деп еді. Сол ұранды өлеңдегі:

«Көзіңді аш, аш қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты,
Жер кетті, дін нашарлап, хал - қарам боп,

Қазағым, енді жату жарамасты», - деген жолдар арада жүз жыл өтсе де, күшінде, арысымыз сақтандырған рухани ереже, нұсқау неше ғасыр, неше жылдар бойы өз мазмұнын мақсатты істерге бастады емес пе?! Қазақ халқы басына ауыр қайғы бұлты төнгенде, көз түрткісіз заман түнінде өз жүрегін суырып алып адасар жолда жарық жұлдыздай жарқыраған бабалар бейнесі көмескі тартпай, тасқа басқан таңбадай халық жадында мәңгі сақталды. Қара қазан, сары бала қамы үшін жауына қырғидай тиіп, жолбарыстай жорытқан батырлар заман қалтарысында қалмай, олардың игі істері ұрпақтарына қасиетті өнеге болды. Сол ұлы өнегенің жалғасын бүкіл дүйім жұртқа әлем деңгейінде паш етіп, кешегі ата-бабаның аманатын сонау биік тұғырға жеткізген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Нұрсұлтан Әбішұлы әлемнің аса ірі мемлекет басшылары мойындаған елбасы, дүние жүзіне әйгілі саясаткерлердің бірі. Ол ел басқару ісінде халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесі мен әлемдік тәжірибені тал бойына тоғыстырған алымды да, алғыр басшы. Ел өмірінің алуан салалы тіршілік-тынысын терең білді. Маңдай тіреген проблемалардың ең елеулісін тап басып тани алды. Ел ішінде және әлемдік ахуалдармен санаса отырып ұрымтал

әрекеттерге барды. Сол жолда таңдалған бағытын табандылықпен жүзеге асыру - Н.Ә.Назарбаевтың мемлекет басшысы ретіндегі басты қасиеті. Қазақ халқының тұңғыш Президентінің бастамасымен тәуелсіз қазақ елінде дүние жүзілік тарихи маңызы бар істер атқарылды. Өнегелі істің дара тұлғасы Елбасының ерен еңбегінің жемісі күннен күнге артып келеді. Елбасы ретінде Н.Ә.Назарбаевтың атқарған күрделі алуан түрлі істері міне бүгін бізге - тарих мектебі. Ия, XX ғасырдың аяғы XXI ғасырдың басы Тәуелсіздігін тәу еткен Қазағымның - өмір мектебі. Бұл - жаңа өмір, жаңа тарих, жаңа рең мен сипат, таңғажайып инновациялық өмірдің ғұмырнамасы. Ғұмырнаманың әр секунды, әр минуты, әр сағаты, әр күні, әр жылы жаңа тарихтың басталғаны. Қазағымның қалың қызыл-күрең тарихының арман-тілегі - айырықша жаңа тарих. Жаңа тарихтың сан тараулары Елбасының әр қадамы. Әр қадамының басқан жері күш пен қуат, іс пен шуақ, дала мен қала, адам мен бала. Яғни, мына біздер өткен ғасырдың нүктесі, жаңа ғасырдың жүлдесі екеніміз ақиқат. Асқақ ойдың ақ арманы Еуразияның кіндігі, Сарыарқаның самал желі тербеткен әсем қала Астананың бел баласы біздер жана буын, жас ұрпақ. «Не деген бақытты едің келер ұрпақ», - деп XX ғасырдағы қазақ өлеңінің хас шебері Қасым Аманжолов жырлағандай тәу етер тәуелсіздігін алған тұстағы қазақ жұртының ұл менен қызының бағы ерекше. Санамалай бастасaq, шегіне жетеміз бе? Күнделікті баспа беттері, ағымдап жеткен ақпараттар легі жаңа заманның сан жеткізбейтін ұлан ғайыр еңбегі, атқарылған істері жетерлік. Осы еңбектердің еңселісі, ең төресі біздер үшін – атадан мирас болған ұлы тарихи мұралар. Біздің санамызда сақталып қалатын тәуелсіздіктің тарихы. “Тәуелсіз ел болғаннан бергі жылдар ішіндегі өткен жол, шыққан белестерін - алтын әріппен жазып, бүгінің танып білуімен қатар, болашақ ұрпақтың еншісіне қалдыратын уақыт жетті” – деп Мырзатай Жолдасбеков ғұлама, ірі тұлға иесі айтқандай, ақиқаты сол. Сол игілікті істің бірі ҚР астанасының бас қаласы Астанада оқып, білім алғаныма мақтанамын. Мақтанып тұрып шаттанамын. Кешегі Ақмоланың бүгінгі жаңа Астананың арманы орындалғандай. Бұл қала арқылы қазақ елінің қадір – қасиеті төрткүл дүниеге бірлігімен танылып келеді. Сол сүттей ұйыған бірліктің қас батыры, қол басшысы – Ел данасы, Ер баласы – Ел басы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Біздер бүгін мектеп қабырғасында жүріп ел ағалары, бір туар азаматтардың жаңа тарих орнатушылардың еңбектегі өмір жолдарын біртіндеп тани бастағандаймыз. Әрине оның барлығының ұйытқысы Президентіміз. Бұл істің том-томдап жазар сырға толы өмір кезеңдерін бүгін біз көзбен көріп, қолмен ұстаудамыз. Елордасы Астананың әр күні шұғылалы сәулесін шашқан күнмен бірге жарқырайды. Түні сұлу, самал желі көңілге қуат береді. Сәулетті ғимараттар күн өткен сайын жылдам биіктеп аспан күнмен таласқандай. Зәулім үйлердің құрлысы біріне бірі ұқсамайтындай жаңаша пішінде жасалған. Салауатты өмір салтын сақтар диагностикалық емдеу орталықтары, халыққа қызмет көрсету орталықтары, спорттық түрлі кешендер күн санап бой түзеп келеді. Кешегі тарихқа мәлім Бозоқ өзені,

Бозоқ қаласының орны Сарыарқаның төсінде Есіл өзенінің бойында Астана қаласында білім ордалары, жаңа түрде салынып, жас ұрпақ білім алуда. Мамандық иелерін дайындайтын бірнеше ірі ЖОО орындары т.б. білім мен ғылымның қайнар бастауы осында орналасқан. Тамыры тереңде, жайқалған, мықты жасыл ағаш бәйтеректің жаңа үлгісі - “Бәйтерек” кешені 97 метр биіктікте көз ұшында жарқырап көрінеді. Астананың үлкен күре тамыры іспеттес орын. Бейбітшілік пен Келісім сарайы шетелден келген ішкі және сыртқы саяси жағдайларды шешуге арналған орталық деп танысақ, ал Тәуелсіздік сарайы мен Конгресс холл халықтың түрлі мәдени – рухани іс – шараға жиналар ірі орталықтары. Тұңғыш Президент мұражайы орталығы ол үлкен тарихтың қайнар бұлағы. Онда бүкіл қазақ халқының бастан кешкен ұлы тарихи кезеңдері, салт – дәстүрі, тұрмыстық, материалдық мәдени мұра жәдігерлері көзбен көргенде толағай тарихтың өзін күмбірлетіп, күңіретіп сөйлетіп қойған. Тарихы қалың жәдігерлерді көріп, терең оймен тілдесесің. Қаланың төртбұрышы дерлік жаңаруда. Әр бұрышында жаңаша атаулар. Ол атаулардың өзі бір – бір тарих. Қаланың жуық мандары да үлкен тарих. Қабанбай батыр кесенесі, кешегі орын толмас қайғы- қасірет заманы аталған 1930 – 1937 жылдар құрбаны болған “Қызыл Қырғын” қасірет лагері “Алжир” орналасқан. Бұл орын қасіретті, зұлматты бастан кешкен 8000 әйел – ананың көз жасы. “Отанына опазысдық жасады” деген жалған жаланың құрбандары. Жеке басқа табыну, тоталитаризмнің ұлттық мүдде мен ұлт құқығын таптауы. Бұл тарихтың композициялық көріністерін көріп біздер Бекболат Тілеуханов айтқандай “Оян намыс” - деп қоғамдық, саяси, танымдық түрде туған елге, жерге, тарихқа әділетілікпен терең мән мен мағына беріп қарау керек екенін білеміз. Әр таң атқанда терезеден ару Астананың айшықты, айқын бейнесін көреміз. Көріп тұрып көз тоймайды. Келбеті кесек - бұл қала. Келбеті кербез - сән қала. Аспан мен жердің көкжиегіне көз салып сағым қуып кеткендей боламын. Сағым қуып сан арманымның санаулысын Астанамның - Ақ ордамның әр төрінен көреміз. Абай атам айтқан “Сенде бір кірпіш дүниеге кетігін тап та, бар қалан” дегендей Астананың биік- биік, зәулім үйлері сұлу – сұлу ғимарат болып көрікті келбет бергендей мен де өмірден өз орнымды табуға тиістімін. Көрікті келбетті ғимарат жан- жақтан келген жаңа тұрғындардың мекені. Мен сол мекенде өзімнің Атамекенім - Астанада өз білімді алып, жаңа өмірдің жасампаз жалғасы болатыным даусыз. Кешегі ұлы тарихтың еншісінен Қазбек бидің “Сарыарқа болсын қонысың” - дегені осы болар. Асан қайғының Жерұйықты іздегені Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өз туған халқы қазағына сыйлаған теңдесіз еңбегі – жерұйығы Астана жаңа қала, Бас қала. Ендеше мен жарқын болашақ жастардың қолында демекпін. Бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылатын елдің еркін ұланымын. Айдары асқақ, айбыны мықты жас өркен бар ықылас, ыждаһатымен еңбек ететіні белгілі. Тілектес қана емес, үлестес болғай әр адам. «Еліңнің ұлы болсаң, Еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып, көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп

[Введите текст]

еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа»- деп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә Назарбаев айтқандай мемлекетіміздің бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылуы үшін біздер заман талабына лайықты болатынымыз сөзсіз! Асқақ ойымның айдары Астана - Айбары Президент.